

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ІЛІМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫ**

БЕКІТЕМІН

Қабылдау комиссиясының
төрағасы, проректор
PhD К. Курманбаев

« 20 » 2024 ж



**6В02203-«Теология» (Екінші жоғары білім) білім беру бағдарламасы
бойынша
СҰХБАТТАСУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы 2024

Сұхбаттасу бағдарламасы Дінтану кафедрасында дайындалып, кафедра отырысында талқыланды.

Дінтану кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 10 «20» 05 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.А. Рыскиева

«БВ02203-Теология» (Екінші жоғары білім) білім беру бағдарламасы бойынша сұхбаттасу бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы сұхбаттасуды өткізу қағидалары Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде Теология білім беру бағдарламасының Екінші жоғары білім бөліміне түсетін талапкерлер үшін өткізіледі.

2. Сұхбаттасудың мақсаты талапкерлердің кәсіпке жарамдылығын тексеру болып табылады.

3. Сұхбаттасуды Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде құрылған пәндік комиссия өткізеді.

4. Білім беру бағдарламасы бойынша сұхбаттасуды өткізу нысаны мен мазмұны жоғары оқу орнымен дербес анықталады.

5. Сұхбаттасуды ұйымдастыру және өткізу үшін Нұр-Мұбарак ЕИМУ ректордың бұйрығымен бекітілетін пәндік комиссия құрылады.

6. Сұхбаттасудың кестесін (пәннің атауы, күні, уақыты және өткізілетін орны, кеңестер, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.

7. Сұхбаттасу «өтті/өпеді» деп бағаланады.

2. Сұхбаттасуды қабылдау тәртібі

1. Сұхбаттасу өткізу аудиториясына жіберуді және сұхбаттасуды өткізу кезінде осы қағидаларды сақтауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, сұхбаттасуды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

2. Сұхбаттасуды өткізу кезінде аудиторияда бөтен тұлғалардың болуына жол берілмейді.

3. Талапкер сұхбаттасуға кестеде керсетілген мерзімде келеді. Талапкер аудиторияға сұхбаттасу басталғанға дейін 10 минут бұрын жіберіледі.

4. Талапкер сұхбаттасу өткізу аудиториясына жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттарын қабылдағаны туралы қолхатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.

5. Сұхбаттасуды өткізу кезінде бір орыннан басқа орынға ауысуға, сұхбаттасу материалдарымен алмасуға, көшіріп алуға, аудиторияға оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, мобильді байланыс құралдарын кіргізуге және қолдануға тыйым салынады.

6. Сұхбаттасу тыныш және қолайлы жағдаймен қамтамасыз етіледі, талапкерлерге өз білімі мен білік деңгейін толық көрсете алуына барынша мүмкүндік жасалады.

7. Сұхбаттасуды өткізу кезінде талапкерлерге және оны өткізу үшін тартылған жоғары оқу орнының қызметкерлеріне өзімен бірге байланыс және электрондық-есептеу техникаларын алуға және пайдалануға тыйым салынады.

8. Сұхбаттасу басталғаннан кейін талапкерлерге сұхбаттасу материалдары

беріледі және титулдық парақтарды рәсімдеуге ұсынылған тәртіптер түсіндіріледі, сондай-ақ сұхбаттасудың басталу және аяқталу уақыттары, нәтижелерді жариялаудың және апелляция өткізудің уақыты мен орны көрсетіледі.

9. Сұхбаттасу өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды:

- сұхбаттасу алушының көрсеткен орынға отыру;
- тыныштық сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, сұхбаттасу алушымен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;
- аудиторияда жүрмеу, басқа орынға отырмау;
- сұхбаттасу аяқталғанға дейін сұхбаттасу алушының рұқсатынсыз сұхбаттасу аудиториясынан шықпау.

10. Осы қағидаларды бұзған жағдайда талапкер аудиториядан шығарылады. Бұл ретте сұхбаттасу жұмысының титулдық парағына сұхбаттасу алушының қолымен расталған шығару себебі туралы жазылады. Талапкердің бұл жұмысы жойылады. Талапкер дәлелді себептермен сұхбаттасуға кешігіп немесе келмеген жағдайда ол сұхбаттасуды жазбаша өтініші мен сұхбаттасуды жіберіп алуына дәлелді себептерін растайтын құжаттарды ұсынуы негізінде ректордың рұқсаты бойынша бекітілген кесте шеңберінде басқа уақытта тапсыруға жіберіледі.

11. Сұхбаттасуды жіберіп алуына дәлелді себептер мыналар болып табылады:

- талапкердің ауырып қалуы (емдеу мекемесінен ауырып қалғандығы туралы анықтаманы ұсынумен расталады, анықтама емдеу мекемесінің мөрімен бекітіледі);
- төтенше жағдайлар, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы (мемлекеттік мекемеден төтенше жағдайдың немесе жол-көлік оқиғасының болу фактісін айғақтайтын анықтама ұсынумен расталады).

12. Дәлелді себептер бойынша сұхбаттасуға келмеген тұлғалар оған сұхбаттасуды өткізу мерзімінен кешіктірілмей қосымша анықталған күні жіберіледі.

13. Дәлелсіз себептермен сұхбаттасуға келмеген талапкерлер сұхбаттасуға жіберілмейді.

14. Сұхбаттасуға қайта қатысуға рұқсат берілмейді.

15. Сұхбаттасу жұмыстарын тексеру тек жоғары оқу орнының ғимаратында жүргізіледі.

16. Сұхбаттасу жұмыстарын тексеруді тек пәндік комиссияның мүшелері жүргізеді.

17. Сұхбаттасудың қорытындысы ведомостпен рәсімделеді.

18. Тексерілген жұмыстар, бағалау ведомостері және бағалары мен тексеруші сұхбаттасу қабылдаушылардың, пәндік комиссиясы төрағасының қолдары қойылған хаттамалар жауапты хатшыға (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі.

19. Сұхбаттасу нәтижелері сұхбаттасу өткеннен кейін келесі күні хабарланады.

20. Талаптарды сақтауды және сұхбаттасуды бағалау кезіндегі даулы

мәселелерді шешуді, сұхбаттасу өткізу кезеңінде емтихан тапсырушы тұлғалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

21. Апелляциялық комиссия сұхбаттасудың нәтижелерімен келіспейтін тұлғалардың өтінімдерін қарастыру үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Нұр-Мұбарак Ғылыми кеңесінің бұйрығымен бекітіледі.

22. Апелляцияға өтінімді апелляциялық комиссия төрағасының атына сұхбаттасу тапсырушы тұлға жеке береді. Өтінім сұхбаттасу нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырады.

23. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның өтінімі қарастырылмайды.

24. Сұхбаттасу нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және комиссия мүшелерінің барлығының қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

**«6B02203-Теология» (екінші жоғары білім) білім беру бағдарламасына
түсушілерге арналған сұхбаттасу сұрақтары**

1. Діннің қоғамдағы орны мен қызметі туралы айтыңыз
2. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен шарифаттың арақатынасы туралы айтыңыз
3. Қазақ даласынан шыққан ойшылдар мен ғұламалар туралы айтыңыз
4. Орта ғасырлық Қазақ жеріндегі мәдениет және ғылым ошақтары туралы айтыңыз
5. Қазақстандағы дін мен мемлекет арақатынасы
6. Ислам дінінің қазақ даласындағы тарихына шолу жасаңыз
7. Мұсылмандық мерекелер
8. Исламның бес шартына қысқаша тоқталыңыз
9. Деструктивті діни ағым туралы айтыңыз
10. Қазақ даласында таралған діндер мен сенімдер туралы айтыңыз
11. Дін деген не? Дінге берілген анықтамаларға тоқталыңыз
12. Қазақстандағы дін туралы мемлекеттік заңнамалар туралы айтыңыз
13. Экстремизм және терроризм туралы айтыңыз
14. Исламдағы мәзһабтар туралы айтыңыз.
15. Қазақстандағы жаңа діни ағымдар туралы айтыңыз
16. Дін мен ғылымның арақатынасы
17. Яһудиліктегі Құдай сеніміне тоқталыңыз
18. Әлемдегі діндерге қандай классификация жасалады?
19. Қазақстандағы қазіргі діни жағдайға талдау жасаңыз
20. Христиандардың қасиетті кітабы туралы баяндаңыз
21. Исламдағы төрт мәзһаб жайында баяндаңыз
22. Қазақтың дінмен байланысты салт-дәстүрлеріне мысал келтіре баяндаңыз
23. Қазақстандағы конфессиялар туралы мәлімет беріңіз
24. Мемлекеттің зайырлылық ұстанымы мен дінге байланысты саясаты туралы айтыңыз
25. Қазақ ақын-жырауларының діни көзқарастары туралы айтыңыз
26. Діни экстремизм, терроризм және радикализм ұғымдарына анықтама беріңіз
27. Абай мен Шәкәрімнің дін туралы көзқарастарына тоқталыңыз
28. Қазақ мәдениеті мен исламдық құндылықтар арасындағы үндестікті түсіндіріңіз
29. Исламдағы фикһ ілімі туралы айтыңыз
30. Хадис және сүннет ұғымы туралы айтыңыз
31. Исламдағы танымал хадис жинақтары туралы айтыңыз
32. Исламдағы тәпсір ілімі туралы айтыңыз
33. Сүннеттің түрлері мен діндегі орнын айтыңыз
34. Имам Ағзам Әбу Ханифаның өмірі жайында қысқаша мәлімет беріңіз
35. Имам Матуридидің өмірі мен еңбектері туралы айтыңыз
36. Мұхаммед пайғамбардың пайғамбарлыққа дейінгі өмірін баяндаңыз

37. Кеңес үкіметі кезінде мемлекеттің дін туралы саясаты
38. Исламдағы тағдыр мәселесіне тоқталыңыз
39. Діндегі фундаментализм туралы айтыңыз
40. Әһли сунна уал-жамаға тіркесін түсіндіріңіз
41. Ақида және кәлам саласы туралы айтыңыз
42. Ижтиһад және мужтаһид ұғымдарына анықтама беріңіз
43. Ислам және христиан діндеріндегі Құдай сеніміне салыстырмалы талдау жасаңыз
44. Ислам теологиясының негізгі тақырыптары
45. Сахабалар туралы мәлімет беріңіз
46. Қазақтардың исламға дейінгі сенімі туралы айтыңыз
47. Исламдағы харам түсінігі және тыйым салынған әрекеттер туралы мәлімет беріңіз
48. Ислам өркениетінің батыс әлеміне ықпалы
49. Иудаизм дінінің қасиетті кітабы жайында мәлімет беріңіз
50. Мұхаммед Пайғамбардың Мекке және Мәдина кезеңіндегі өміріне тоқталыңыз
51. Үнді діндері туралы айтыңыз
52. Исламдағы зекеттің әлеуметтік мәні
53. Қазақстандағы діни мейрамдар және олардың ерекшеліктері
54. Жындар мен періштелер туралы айтыңыз
55. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қызметі туралы баяндаңыз
56. Дәстүрлі және дәстүрлі емес діндер
57. Қазақстандағы ислами ағымдар туралы мәлімет беріңіз
58. Ислам тарихының әділетті халифалар кезеңі туралы баяндаңыз
59. Құлшылық және діни сенім бостандығы туралы айтыңыз
60. Ислам дініндегі негізгі құлшылықтар (ғибадат)
61. Әлемдік діндердің қасиетті жазбаларын сипаттаңыз
62. Дінтану ғылымының зерттейтін салалары туралы баяндаңыз
63. Құрандағы сүрелер мен аяттар туралы айтыңыз
64. Христиан дінінің пайда болуы және даму тарихын баяндаңыз
65. Сопылық және сопылық ілімнің ерекшеліктерін түсіндіріңіз
66. Уәһһабизм туралы баяндаңыз
67. Қажылық рәсімдері туралы мәлімет беріңіз
68. Алғашқы наным-сенімдер: анимизм, фетишизм, тотемизм, магия
69. Дін феноменологиясы туралы айтыңыз
70. Дін әлеуметтануы туралы айтыңыз

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Жоламан Бұланұлы, Ежелгі және қазіргі діндер тарихы. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2024, 560 б.
2. Жоламан Бұланұлы, Жаңа діни қозғалыстар. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2023. – 248 бет.

3. Анарбаев Н. Қарақұлов Е. Ислам ғылымхалы (Ханафи мәзһабы бойынша). – Алматы: 2012.
4. Сейтбеков С. Мазһабтар тарихы. – Алматы, 2013
5. Құрманбаев Қ. Құран іліміне кіріспе. – Алматы. 2013.
6. А. Сатыбалдиева. Саяси, кәламдық және фикһтық мәзһабтар тарихы (оқу құралы). 232 б, 2016.
7. Қ. Ержан. Ислам ақидасы. – Алматы: 2018. 319 б.
8. Жоламан Бұланұлы, Сопылық ілімі: Тарихы, мәні және сипаттамасы. Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2023. – 464 бет.
9. Байтенова Н.Ж. және т.б. Дінтану: энциклопедиялық сөздік. Қазақ университеті баспасы. Алматы, 2018. – 2 том.
10. Асан Т., Балапанова А.С., Козырев Т.А. Қазақстанның дін жөніндегі мемлекеттік саясаты. Алматы: «Қазақ университеті», 2013
11. Байтенова, Н. Ж., Бейсенов Б. Қ., Абжалов С. В. Исламдағы секталар мен бағыттар. Оқу-әдістемелік құралы. Әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті - Алматы: Қазақ университеті, 2013 . — 110 б.
12. Имаммади Т. Ислам құқығына кіріспе. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2021. – 241 б.
13. Н.Ж. Байтенова, А.Д. Құрманалиева Ш.С. Рысбекова және т.б., Дінтану. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 477 б.
14. Армстронг К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны / ауд. Д.Кенжетай, К.Қаратышқанова, А.Тасболат // — Алматы, 2018
15. Шабан Өз. Ислам тарихы / ауд. Есімқұлов Е.Н. – Алматы, 2018. – 352 б.
16. Махмет Мұратхан, Яһудилік. Нұр-Мұбарак баспасы, Алматы, 2019. – 160 б.
17. Дін феноменологиясына кіріспе. (Оқу құралы). Алматы. – 132 б. «Нұр-Мұбарак баспасы», 2020.
18. Т. Имаммади. Ислам құқығы (оқу құралы). Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2021. – 240б.
19. Қ. Ержан. М. Махмет. Салыстырмалы діндер тарихы (оқу құралы) Алматы: «Нұр-Мұбарак» университеті, 2020 – 256 бет. (2-басылым)
20. Т. Имаммади. Матуридия ақидасы (әл-Бидая мин әл-кифая фи әл-һидая фи усул ад-дин): Аударма – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 90 б.
21. Е.Н. Есимқұлов. «Дін әлеуметтануына кіріспе» (оқу құралы), 2020 – 212б.
22. Е.Н. Есимқұлов. Ислам тарихы. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2023. – 352б